

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНА БЕЛСЕНЕ АРАЛАСУЫ

ҚАЗІРГІ ҚАЛЫПТАСҚАН АХУАЛДАҒЫ СЫРТҚЫ САЯСАТТЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан сыртқы саясатын төмендегідей басымдықтарға құрды: іргелес мемлекеттермен мүдделердің ортақтығын іздеу; барлық мәселелерге қатысты өзара келісім қажеттігін түсіну; халықаралық лаңкестікпен, діни экстремизммен күрестегі халықаралық ұйымдардың жұмысына белсенді қатысушы ретінде өз тұрғысын нығайту.

III съезге БҰҰ жүйесі қатысты және техникалық көмек берді. Съезге дүниежүзінің 35 елінен 77 делегация келді.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҚЫҰ ЖҰМЫСЫНА

ҚАТЫСУЫ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің тәжірибелерін бөлісу мақсатымен, оның негізгі принциптерін басшылыққа алуға міндеттеме қабылдап, екі жақты тығыз байланыс орнатты. Хельсинкиде өткен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымға қатысушы елдердің жоғары дәрежедегі кездесуінде бұл ұйымға жаңадан қосылған елдерге жан-жақты көмек көрсетуге арналған бағдарлама қабылданды. Бағдарламада Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымына қатысушы елдердің бай тәжірибесін жаңадан қосылған елдерге тарату жоспарланған. Осы бағдарлама аясында Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым басшылығының өкілдері Қазақстанға бірнеше рет (1992 — 99) іссапармен келді. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым басшыларының Қазақстанға алғашқы ресми сапары 1993

ҚАЗАҚСТАН --- ҰҚШҰ МҮШЕСІ.

1992 жылы 15 мамырда бір топ ТМД елдері Ташкентте ұжымдық қауіпсіздік шартын жасады. ҰҚШ – ның 2002 жылғы Мәскеудегі сессиясында оны “Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы” деп толыққанды халықаралық ұйым ретінде қайта құру туралы шешім қабылданды. Армения, Беларусь , Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан осы ұйымның мүшелері болып табылады.

ҰҚШҰ-ның мақсаты --- әскер мен қосымша бөлімшелердің бірлескен күшімен шартқа қатысушы елдердің аумақтық— экономикалық кеңістігін кез келген сырттан келген әскери—саяси агрессиядан қорғау , сонымен қатар ірі ауқымды табиғи аппараттардың зардаптарын залалсыздандыру болып табылады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ҰЙЫМНЫҢ

ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСУЫ

2011 ж. Ислам ынтымақтастығы ұйымының төрағалығы Қазақстанға өтті.

Ислам ынтымақтастық ұйымы---ислам елдердің халықаралық аренада көрініп жүрген аса ірі және ықпалды ұйымы. Қазіргі кезде, жалпы алғанда, 1,5 млрд тұрғыны бар, 57 елді біріктіреді. ИЫҰ саяси, әлеуметтік—экономикалық, мәдени және ғылыми—техникалық байланыстарды қамтитын халықаралық ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін шешуге қатысады. Бұлардан басқа мүше елдердің орнықты дамуына жағдайлар жасауды Ұйым өзінің маңызды мақсаты деп таниды.